"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 KSN0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

№ исх: 03-18/1412 от: 27.03.2020

«Корпорация Ас и ко» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің 05.03.2020 жылғы №66240 санды өтінішіңізге сәйкес, «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) ұйымдастырылған №3885278-1 «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК үшін тауарларды жиынтықта ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу» *(бұдан әрі - Конкурс)* ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізілді. Бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша келесіні мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар),* 4-Қосымшасының 16 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 2-1, 2-2, 2-3-қосымшаларға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден немесе олардың ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) алынған хаттардың (сертификаттарының, куәліктерінің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі.

Егер техникалық паспорттар, тауарлардың сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін өзге де құжаттар тауарды сатып алу кезінде не Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілсе, ондай жағдайда әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізген кезде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хатын;

27.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Сонымен қатар, Қағиданың 58 тармағына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін тапсырыс беруші қажет болған кезде сараптау комиссиясын құрады не сарапшыны тартады.

Қағиданың 73 тармағына сәйкес, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу кезінде ұйымдастырушы Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажыратылмас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындау үшін сараптау комиссиясын құрады не сарапшыны айқындайды. делінген.

Сонымен қатар, Қағиданың 78 тармағына сәйкес конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және өткізген кезде сараптау комиссиясы не сарапшы әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Қағиданың 79 тармағында конкурстық комиссия сараптау комиссиясының не сарапшының қорытындысын, егер ол конкурстық құжаттамада көзделген талаптар шегінде құрылған жағдайда ғана **міндетті** түрде ескереді. Сараптамалық қорытындыға сараптау комиссиясының мүшелері не сараптау комиссиясын құрмай-ақ сарапшыны анықтаған жағдайда, сарапшы қол қояды және конкурстық комиссия хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталдағы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамасына, мемлекеттік сатып алулардың қорытындысы туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сарапшының қорытындысына міндетті түрде сарапшының біліктілігін растайтын құжаттар (білімі туралы диплом, сертификат, аттестат не өзге құжат) қоса берілуі тиіс.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші «Корпорация Ас и ко» ЖШС-нің өтінімінде Ұйымдастырушымен сұратылған құжаттарды, мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы болып табылған жағдайда, тауармен қоса жеткізіп беретіндігі туралы кепілдік хатын ұсынғаны анықталды.

Алайда, камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында Ұйымдастырушы мекеме тарапынан Конкурсқа конкурстық өтінімдерін ұсынған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келуін анықтау мақсатында «Мемлекеттік сатып алу жөніндегі тәуелсіз сарапшы» **Куланбаев Арипбай Қалдыбаевичті** тартқандығы анықталды.

Конкурстың 05.03.2020 жылғы №3885278-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасында конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Корпорация Ас и ко» ЖШС-нің конкурстық өтінімін тәуелсіз сарапшы Куланбаев Арипбай Қалдыбаевичтің қорытындыларында көрсетілген себептерді негізге алып конкурсқа қатысуға рұқсат бермегені анықталды.

Осыған орай, конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші «Корпорация Ас и ко» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурсқа қатысуға рұқсат бермеуі бойынша бұзушылықтар анықталмады.

Сәйкесінше, өтінішіңізде келтірілген уәждемелеріңіз расталмағанын мәлімдейміз.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Сонымен қатар, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **Т. Тултебаев**

Орындаған:
А.Әділбай
Тел: 8(7252) 35-00-35
a.adilbai@minfin.gov.kz

Келісілді: А.Байқуанышов